



Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Ұлттық инвесторлар кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 791 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 21) тармақшасына сәйкес мемлекет пен кәсіпкерлердің өзара іс-қимыл жасауын жандандыру мақсатында
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Ұлттық инвесторлар кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Кеңес туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 05.08.2019 № 87 Жарлығымен.

2-1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бір ай мерзімде Мемлекет басшысының қарауына Кеңестің дербес құрамы жөнінде ұсыныстар енгізсін.

Ескерту. Қаулы 2-1-тармақпен толықтырылды– ҚР Президентінің 05.08.2019 № 87 Жарлығымен.

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2014 жылғы 9 сәуірдегі
№ 791 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 05.08.2019 № 87 Жарлығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кеңестің жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) болып табылады.

2-тарау. Кеңестің негізгі міндеттері

5. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) мына:

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

нарықтық экономиканың дамуын ынталандыратын жағдайлар жасау және отандық инвестицияларды ел экономикасына тарту;

іскерлік және инвестициялық ахуалды бағалау және жақсарту мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және олардың бірлестіктерінің қызметін шоғырландыру;

3) кәсіпкерлік және инвестициялық саясат саласындағы өзге де маңызды мәселелерді қарау және талқылау;

4) индустрияландыруға, әртараптандыруға, шикізаттық емес экспортты ілгерілетуге жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады.

3-тарау. Кеңесті қалыптастыру мен оның қызметін ұйымдастыру

6. Қазақстан Республикасының Президенті Кеңестің төрағасы болып табылады.

7. Кеңестің мемлекеттік емес ұйымдар тарапынан құрамы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – Ұлттық палата) төралқасы төрағасының ұсынымы бойынша Ұлттық палата төралқасының мүшелерінен, сондай-ақ жұмыс органының ұсынымы бойынша компаниялардың бірінші басшыларынан қалыптастырылады.

Кеңес мүшелерінің жалпы саны елу адамнан аспайды.

Мемлекеттік органдар өкілдерінің саны он адамнан аспайды.

Кеңестегі Ұлттық палата төралқасы мүшелерінің саны жиырма адамнан аспайды.

Кеңестегі компаниялардың бірінші басшыларының саны жиырма адамнан аспайды.

8. Кеңестің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

9. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

10. Кеңестің жалпы отырыстары Кеңес төрағасының бастамасы бойынша жылына кемінде бір рет өткізіледі.

11. Кеңестің жалпы отырыстары Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі болғанда құқықтық күші болады.

12. Жалпы отырыстың негізгі тақырыбын, өткізілетін күні мен орнын Кеңес төрағасы айқындайды.

13. Жалпы отырыстардың күн тәртібіне, негізі тақырыптан басқа, тұрақты негізінде Кеңестің алдыңғы жалпы отырысының хаттамалық тапсырмаларының орындалуы туралы мәселе енгізіледі.

14. Кеңестің жалпы отырыстарының арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалық етуімен Кеңестің аралық отырыстары өткізіледі.

15. Аралық отырыстарда алдыңғы жалпы отырыс шешімдерінің орындалу қорытындылары, кәсіпкерлердің ағымдағы проблемалары, Кеңестің жұмыс топтары тұжырымдаған ұсынымдар талқыланады.

16. Кеңестің жұмыс топтарының тең төрағалары аталған ұсынымдарды мәлімдейді және талқылау қорытындысы бойынша Кеңестің аралық отырысының хаттамасын және Кеңестің кезекті жалпы отырысының қарауына енгізілетін ұсынымдардың бірыңғай тізбесін дайындауда ескеріледі.

17. Кеңестің жалпы және аралық отырыстарына Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының басшылары, Кеңестің жұмыс топтарының тең төрағалары, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің, олардың бірлестіктері мен сарапшылық қоғамдастықтың өкілдері шақырылуы мүмкін.

18. Кеңестің жалпы және аралық отырыстарының қорытындылары бойынша хаттамамен ресімделетін шешімдер қабылданады.

19. Кеңестің жұмыс органы:

1) Ұлттық палатаның, Кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен олар бұрын қабылдаған шешімдер негізінде жалпы және аралық отырыстардың күн тәртібінің жобасын қалыптастырады;

2) жалпы және аралық отырыстарды өткізуді ұйымдастырады;

3) Кеңес мүшелерін Кеңестің жалпы және аралық отырыстарының өткізілетін орны, уақыты мен күн тәртібі туралы хабардар етеді және оларды қажетті материалдармен уақтылы қамтамасыз етеді;

4) Кеңестің шешімдері бекітілген күннен бастап екі апта ішінде Кеңестің мүшелеріне және өзге мүдделі адамдарға хаттаманың көшірмесін және өзге қажетті материалдарды жолдайды;

5) Кеңестің жұмыс топтарының іс-шаралар жоспарлары мен есептерін келіседі;

6) Кеңестің жұмыс топтары әзірлейтін, ұсынымдардың бірыңғай тізбесіне ресімделетін ұсынымдарды келіседі;

7) жұмыс топтарының құрамдарын, мақсаттары мен міндеттерін келіседі;

8) жұмыс топтарының қызметін үйлестіруді және камтамасыз етуді жүзеге асырады ;

9) Кеңестің хаттамалық шешімдерінің орындалуын мониторингтеуді жүзеге асырады;

10) Кеңестің қызметіне қатысты құжаттардың жобаларын әзірлейді.

20. Ұлттық палата:

1) жұмыс топтарының құрамын қалыптастыру бойынша ұсынымдар дайындайды және жұмыс органының қарауына енгізеді;

2) жұмыс топтары қызметінің бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) жалпы және аралық отырыстардың күн тәртібіне ұсыныстар енгізеді;

4) Кеңес отырыстарын ұйымдастыру үшін жұмыс органына ақпараттық-талдамалық материалдар ұсынады.

4-тарау. Кеңестің жұмыс топтары

21. Алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында Кеңестің шешімімен мына бағыттар бойынша Кеңестің алты тұрақты жұмыс тобы құрылады:

1) кәсіпкерлерді құқықтық қорғауға жәрдемдесу;

2) қаржыға қолжетімділік және инвестицияларды тарту;

3) салық және кеден саясатын жетілдіру;

4) адами капиталды дамыту;

5) инфрақұрылымды дамыту;

6) отандық тауар өндірушілерді қолдау және экспортты дамыту.

22. Кеңестің алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттары бойынша Кеңестің қосымша жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

Жұмыс топтары қызметінің бағыттары Кеңестің аралық отырыстарында айқындалады.

23. Жұмыс топтары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

24. Жұмыс топтары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін өз құзыреті шегінде:

мемлекеттік органдармен, республикалық, облыстық және салалық бірлестіктермен шағын және орта кәсіпкерлік саласында өзара іс-қимыл жасауға;

басшының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының өкілдерін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктерінің өкілдерін шақыруға;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардан жұмыс топтарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға құқылы.

25. Кеңестің жұмыс топтарының қызметіне жалпы басшылық жасауды, үйлестіру мен қамтамасыз етуді Кеңестің жұмыс топтарының құрамы шеңберінде, Кеңестің аралық отырыстарында айқындалатын мемлекеттік органдардан және Ұлттық палатадан сайланған тең төрағалары жүзеге асырады.

Мемлекеттік органның бірінші басшысы жұмыс тобының мемлекеттік органның тең төрағасы бола алады.

Төралқа мүшесі жұмыс тобының Ұлттық палатадан тең төрағасы бола алады.

26. Жұмыс топтарының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

27. Шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайларда тең төрағалардың шақыруымен жұмыс тобының кезектен тыс отырысы өткізілуі мүмкін.

28. Кеңестің жұмыс топтарының құрамдары, мақсаттары мен міндеттері Кеңестің аралық отырысында айқындалады.

29. Кеңестің жұмыс топтарының іс-шаралар жоспарларын жұмыс топтарының тең төрағалары бекітеді.

30. Жұмыс топтарының тең төрағалары қажеттілігіне қарай, алайда жарты жылда бір реттен сиретпей іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есептерді Кеңестің жұмыс органына жолдайды және жылына бір рет Кеңестің аралық отырысында баяндайды.

31. Кеңестің жұмыс топтарының құрамына мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, олардың бірлестіктерінің өкілдері, Қазақстан Республикасының қоғам қайраткерлері кіре алады.

32. Жұмыс топтары ұсынымдардың бірыңғай тізбесіне ресімделетін, жұмыс органымен келісіліп, Кеңестің аралық отырыстарында алдын ала талқыланатын және Кеңестің жалпы отырыстарында қаралатын ұсынымдар тұжырымдайды.

33. Кеңестің жұмыс топтарының жұмысына қатысу ауысу құқығынсыз жүзеге асырылады.

5-тарау. Кеңестің қызметін тоқтату

34. Кеңестің қызметін тоқтату үшін негіз Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі № 1560 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 17, 199-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі № 1560 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 23 мамырдағы № 121 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 18, 166-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі № 1560 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 321 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 13, 145-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі № 1560 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 24 қазандағы № 428 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 41, 463-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 576 Жарлығы 1-тармағының 14) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 20, 182-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 12 қарашадағы № 689 Жарлығы 1-тармағының 9) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 42, 465-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 мамырдағы № 815 Жарлығы 1-тармағының 4) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 27-28, 234-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 8 маусымдағы № 817 Жарлығы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 29, 249-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі № 1560 Жарлығына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің

2010 жылғы 12 мамырдағы № 987 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 32, 252-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 204 Жарлығы 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 10, 189-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 284 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 9-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 36, 476-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 13 қарашадағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 77-78, 1131-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 533 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістердің 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 22, 351-құжат).